

ОӘЖ: 02.01.39

## ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БАТЫРЛАР ИНСТИТУТЫ

**Байқазақов Аят Валерийұлы**

[aiat95@mail.ru](mailto:aiat95@mail.ru)

Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті  
«Философия» мамандығының магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – филос.ғ.к., доцент Турсынбаева А.Ө.

Әр халықтың тарихында оның даму ерекшелігін сипаттайтын құрылымдары болады. Қазақ халқының ұлттық ерекшелігі мен болмысын айқындайтын ерекшеліктердің бірі-батырлар институты.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев «Біздің сан ғасырлық тарихымыздағы биліктің дәстүрлі институттарына баға бергенде, біз селдіреген ағаштың арғы жағындағы қара орманды да көре білуіміз керек», - деп дәстүрлі институттарды зерттеу мәселесіне ерекше мән берген болатын [1].

Батырлар әр халықта және ірі тарихи кезеңде ерлік пен елдіктің басында тұрғаны сөзсіз. Қазақтың ұлт ретінде қалыптасып, мемлекеттілігін дамытып, оны сақтап қалуда олардың қосқан үлесі, жанкешті іс-әрекеттері ел алдында, ел аузында болды. Қазақстандық тарихнамада батырлардың әлеуметтік категория ретіндегі орны біршама қарастырылғанымен олардың қазақ қоғамындағы батырлар институтының маңызы әлі де болса зерттеуді қажет ететін өзекті сұрақтардың бірі болып қала бермек.

Батыр (парсы тінінен аударғанда бәһадур-ержүрек, батыл, батыр)- әскери өнердің қыр-сырын жақсы меңгерген, жауды жеңуде ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін атақ болып табылады. Батыр атағы атадан мұра ретінде мирас ретінде берілмейді, оған әр адам өзінің жеке басының ерлігімен ғана ие бола алады. Батырларды қазақ халқы да ежелден құрмет тұтқан, есімін ардақтап, болашақ ұрпақ алдында дәріптеген, басты мақсат болашақ ұрпақты ержүрек, ер мінезді етіп тәрбиелеу.

Қазақ батырларының халқымыздың азаттық жолындағы күресі, жекеленген ұлт-азаттық көтерілістер, жауынгерлік қасиет пен әскери-соғыс өнері мәселелері мен батырлардың тәуелсіз елге айналуымыздағы айрықша қосқан үлесі көптеген ғылыми салаларда, әсіресе тарих, философия, әлеуметтану және т.б. жан-жақты зерделенуде.

Қазіргі кезде «батыр» сөзінің этимологиясы туралы түрлі ой-пікірлер айтылып жүр. Бұл мәселеге ең алғаш көңіл аударған Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, Л.Костенко сынды революцияға дейінгі оқымыстылар. Олар «батыр» сөзі түркі – моңғолдың «баһадүр», - batur, багадур, деген сөзден шыққан, негізгі мағынасы ер жүрек, батыл дегенді білдіретінін атап көрсеткен еді [2]. Революциядан кейінгі авторлар да осы тұжырымды толықтыра түседі. Кеңестік дәуірде жарық көрген кейбір сөздіктерде де «батыр» терминінің «batur» сөзінен шыққандығын және оның ел үшін жауымен сайысқан тарихи қаһарман, алып ер екендігі түсіндіріледі.

XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ қоғамындағы үлкен әлеуметтік және саяси ықпал ол батырлардың әлеуметтік тобы болған - әскери басшылар. Түрік-моңғол сөзі «батыр», «баһадүр» бастапқыда жауды ұрыс алдында қарсыласуға шақырған ержүрек адамды сипаттаған. Шыңғыс хан заманынан бері «баһадүр» ұғымы бірнеше рет әскерилендірілген түрік-моңғол дворяндарының өкілдеріне атақ ретінде тағайындалған. Бұл мағынада Әбілқайыр (1428-1455) хандығында көптеген баһадүрлер туралы айтылғандығы Масуд бен Усман Кухистанидің (1590 ж.), Камал ад-Дин (Шир) - Әли-Бинай (1453-1512) жазбаларынан аңғаруға болады [3].

Батыр деген көбінесе хан немесе сұлтан жеке батылдығы үшін немесе сыртқы жаулармен күрестегі әскери операцияларды шебер басқарғаны үшін алған құрметті атақ ретінде қолданылған.

Еліміз егемендігін алғаннан кейінгі кезеңдегі зерттеушілер И.Ерофеева, А. Кушкумбаевтарда осы көзқарасты толықтайды. О.Сүлейменов өзінің белгілі «АЗиЯ» атты еңбегінде «батыр» сөзі – «буйтур», ботур, багатур деп талдау жасай келе, «буйтур» сөзіне «Буй-тағы, жабайы дегенді білдірсе, «тур» - өгіз, бұқа деген мағынада айтылады, осы екі сөз қосылып айбынды, күшті, бұқадай күшті дегенді білдірсе керек деген дәлелді тұжырым жасап өтеді [4].

Қазақ батырларының шығу тегі мен қоғамдағы орнын зерттеген ғалым Е.Бекмаханов батыр сөзінің шығу төкіні татардың багадур, бакхатур сөздеріне деп есептейді. Бұл жағдайда "бахадүр" атағы кез-келген асыл көшпелі билеушінің толық есіміне қосылып айтылғанды. Бұл атақты Тәуке, Әбілқайыр, Абылай және т.б. қазақ хандары алған. Алайда батыр-бұл ержүрек атағы ғана емес, сонымен бірге әскери қызметтерді орындаумен айналысатын адамдарға да берілген [5].

Қазақтардың дәстүрлі қоғамындағы батырлар институты көне түркі заманында қалыптасқандығы туралы Білге, Күлтегін Тоныкөктің өз заманындағы қызметтерімен байланыстыруға болады. Мысалы, Білге-мемлекет басшысы, қолбасшы, Күлтегін- батыр, Тоныкөк-әрі батыр, әрі шешен, әрі данагөй. Бұл қазақ хандары, билері, батырлары бойындағы ерекше қасиеттер.

Қазақтар кез келген ержүрек және тәжірибелі жауынгерді шайқастарда ерекше танымал болғандығына қарай «батыр» деп атаған. Атақты саяхатшы К. К Мейендорфтың анықтамасы бойынша, батырлар қазақ қоғамында "ержүрек, әділ және іскер адамдар, оларды соғыс кезінде – шабандоздар"деп те атаған.

Келтірілген ғылыми деректерде « батыр» сөзінің түркі заманынан бастау алғанының жарқын дәлілі болса, ал ауазша жыраулық фольклорі- «батырлар жыры» - батырлық

Еуразия көшпелі әлемінде орта ғасырлық кезеңінде де кеңінен қанат жайған құбылыс екендігін дәлелдей түседі. Батырлық көшпелі қоғамның айрықша әскери-саяси институты болғаны көптеген ғылыми зерттеулерде дәлелденген.

Көшпелі қоғам үрдісіндегі батырлар институты дегеніміз – халық арасынан шыққан әскери саяси институт. Бұл институттың халық арасында кеңінен қанат жаюы ең алдымен қазақ халқының төрт жағынан да үлкен қауіп ортасында орналасуы еді. Сол себепті де қазақ қоғамындағы батырлар институты жаудан қорғануда кәсіби дәрежеге жетті. Өзінің XVIII ғасырдағы қазақ қоғамына тән классикалық үлгісіне дейін батырлар институты бірнеше сатыдан өткен:

1. Рулық құрылыс кезінде-ру, тайпалардың әскер басы, көсемі болған.
2. Феодализм дәуірінде оларда феодалданып, қоғамдағы ақсүйектер табымен теңесе бастады.

3. XVII-XVIII ғасыр батырлар институтының гүлдену кезеңі. Яғни қазақ-жоңғар қатынастары кезеңі. Ұлт азаттық көтерілістің көптеп етек ала бастауы. Ал Қазақстан Ресей боданлығына енгеннен кейінгі кезеңде Батырлық өз мәнін жоғалта бастады [6].

Батырлар көшпелі қоғамның әскери тәжірибесін, дәстүрін сақтаушы және оны болашаққа дәріптеуші деп айтсақ қателеспейміз. Батырлар өздерінің әскери өнері арқылы болашақ ұрпақты патриоттық сезімге, Отан сүйгіштікке тәрбиелейді. Сол замандағы «батырдың» елі мен жері үшін шайқас майданында өлуі ол үшін үлкен мәртебе болған. Ерте замандағы батырлар Исатай, Махамбет, Есет, Бөгенбай және т.с.с. тарихта өздерінің ерліктері мен ер мінезді, қайсар, ержүректігімен мәңгі «батыр» болып жас ұрпақ үшін үлгі тұтар тұлғалар болып қала бермек.

Батырларды қазақ халқының ұлы перзентіне айналдырған күрідер- олардың бар тағдырының азаттық төл мемлекеті мен ұрпақтарының бейбіт болашағын аянбай қорғауға арналғандығында. Олардың ерлігі мен жүректілігі, намысқойлығы мен қарапайымдылығы, қайраты мен ақылы ұлт мүддесіне, ұлттық идея мен идеологияға қалтқысыз бағытталғандықтан бұл қасиеттер сын сағатында буырқанып сыртқа шықпай тұрмады. Елдің атын шығарды, бәсекеге қабілетті екенін дәлелдеді мызғымайтын сенім мен белсенділігінің алтындай ізгілік пен зиялылықтың табан астына жауцыздықты үрейді, сатқындықты тапталты. Олар осынымен туға халқының мәңгі махаббатына бөленді.

Батырлар институты қазақ қоғамының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сол кездегі жырларға, ән мен күйге, аңыз-ертегіге арқау болған соғыс өнері мен әскери амал-айланы биік сатыға көтеруші мемлекеттің интеллектуалдық қарымын арттырды. Қазіргі таңда батырларымызға арналға әдеби-көркем шығармалар, тарихшылардың, философтардың, жалпы ғалымдардың тырнақ алды туындылары да жарық көруде.

Қазақ қоғамы тарихының әртүрлі кезеңдерінде батырлар тек қана ержүрек жауынгерлер, батыр шабандоздар және әскери жасақтардың жетекшілері ғана емес, сонымен қатар көшпелі қоғамның ең таңдаулы әлеуметтік топтарының бірі болды.

Көшпелі қоғамда әр адам жауынгер. Ержүрек адам батыл жауынгер бола алады. Бейбіт уақытта ең ержүрек және епті барымташылар - "жауынгерлік және физикалық даярлығы жоғары болса оны қазіргі таңда батыр деп таниды. Алайда физикалық даярлық батыр адам қатарына жатудың бір ғана көрсеткіші, оған қоса ақыл-ойдың жоғары болуы да маңызды. Қазіргі қазақ қоғамында жастарды ертедегі батырлар жырымен сусындатып, тарихи тұлғалардың елі мен жері үшін жасаған ерліктерін дәріптейтін болсақ, олардың бойында батырға тән қайсар мінез, табандылық, өжет болу қасиеттерін дарыта аламыз.

Қазіргі заманда да батырлар аз емес. Бірақ бір оқиға болмаса батырлар да болмайды. Бұрынғы кезде батырлар қару асынып, жауға шапса, қазір өзіне қауіп төніп тұрса да, сол адамды құтқарса батырлық деп ойлаймын. Өз өмірін ойламай, қиындыққа мойымай басқа біреуді құтқару әркімнің қолынан келе бермейді. Бауыржан Момышұлының «Ешкім батыр болып тумайды. Батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады», - деген сөзі бар. Соғыс уақытында ғана емес, бейбіт күнде де ерлік көрсетіп батыр атануға болады. Еліміздің тұрғындары мен азаматтарын жұмыс бабында жүріп те,

жұмыстан тыс уақытта да әртүрлі өмірлік қиындықтардан құтқарып қалған ержүрек жандар аз емес. Солардың қатарына Нүркен Әбдіров, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова сынды ержүрек, тариха өздерінің ерліктерімен жадымызда мәңгі сақталған батырларды атап өтуге болады. Олар ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырлары.

Тәуелсіздіктің бағасын таразылағанда қазақ батырлары жасаған ерліктің, тарихи ерліктің құнын терең қадірлеуіміз қажет. Қазақ батырларының білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап қалған қасиетті, кең байтақ қазақ жері – бізге, бүгінгі ұрпаққа мұра болып қалған басты игілік осы. Осы, қазақ батырларының қаны тамған киелі жеріміздің қойнауындағы, жалпақ тілмен айтқанда жердің асты, үстіндегі бар байлығымыз – тағы да осы батырларымыздың бізге аманаттаған жан сыры, жүрек нұры. Осыны біз бүгін көздің қарашығындай қадіріне жетіп, сақтай білуіміз парыз.

Тәуелсіз мемлекет болғанымыздың өзіне отыз жылдай уақыт өтсе де, тарихымызға, тіліміз бен ділімізге аяусыз соққы берген коммунистік дәуірдің өлшемдері олар үшін әлі қымбат қазына іспеттес. Бұл феноменді тарихшылар, философтар мен психологтар жүйелі талдауы қажет. Сонда ғана өзге елдің идеологиясына табынатындар қатарын азайту тетіктерін таба аламыз және өз кезегінде болашағымызды, елі мен жеріне адал қызмет ете білетін батыр жастарымызды бекемдей түсеміз.

Қорытындылай келе, қазіргі кездегі батырлар институтының басты қызметі – елді, мемлекетті, жер мен суды қорғау, ержүрек, әділ, намысқой, еліне адал азаматтарды тәрбиелеу болып табылады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына *Жолдауы*. 2018 жылғы 10 қаңтар.
2. Даутбекова М. Қазақ қоғамындағы батырлар институтының тарихи бастаулары //10 лет независимости Казахстана. – А., 2001. – Т.2. 154 б.
3. Тілепов Б. ХҮ-ХҮІІІ ғғ. Қазақ мемлекетінің саяси құрылымы және билік институттары//Қазақтың ата заңдары Құжаттар, деректер және зерттеулер.– Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 2 Т. – 636 б.
4. Тоғысбайұлы Б. Еңсегей бойлы Ер Есім: Есім хан туралы деректер // Парасат. – 2019. - № 6. – 6, 132 б.
5. Құлтаева А.Ж. ХҮІІІ ғ.ғ. қазақ қоғамы және билер институтының зерттелуі //М.Х.Дулати атынд. ТарМУ хабаршысы. Табиғатты пайдалану және антропосфера мәселелері– 2015. - № 1. – 456 б. – Библиогр.: 10 атау.
6. Апполова Н.Г. Хандық биліктің жағдайы және Тәуке ханның «Жеті жарғысы» //Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер. – Алматы: Жеті жарғы, 2005. – Т.4. – 500 б.